

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1
		Страница 1 из 2

№6 ХАТТАМА

Стоматологиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ЖБТ отырысы Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша

Онлайн

2025 жылғы 18 қараша

ЖБТ төрағасы – Деточкина В.Р.–м.ғ.к., терапиялық және хирургиялық стоматология кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы.

ЖБТ төрағасының орынбасары – Сулейменова Д.М., м.ғ.к., «Семей медицина университеті» КЕАҚ стоматологиялық пәндер және бет-жақ хирургиясы кафедрасының доценті.

ЖБТ хатшысы – Акжигитова Э.Н., «МУА» КЕАҚ Стоматология мектебінің бас маманы.

Қатысқандар: Тулеутаева С.Т., Алтынбеков К.Д., Ураз Р.М., Токбергенова А.Т., Суманова А.М., Кайкенова С.Е.

КҮН ТӘРТІБІ

1. ҰЦНЭ ұсынған 2025–2026 оқу жылына арналған «Стоматология» білім беру бағдарламасының интернатура түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау техникалық сипаттамасының жобасын талқылау.

Бірінші сұрақ бойынша:

ЖБТ төрағасы қатысушыларға ҰЦНЭ ұсынған «Стоматология» білім беру бағдарламасы интернатура түлектерінің кәсіби даярлығын және оқу нәтижелерін бағалау техникалық сипаттамасының жобасын таныстырды.

Сөз сөйледі:

Деточкина В.Р.: «Мен «тістердің жарақаты», «бет пен ауыз қуысының ерекше зақымданулары» бөлімдерін алып тастап, орнына «пародонт аурулары» қосуды ұсынамын.

Суманова А.М.: Мен «кариес» терминін «тістердің кариесі» деп ауыстыруды ұсынамын.

Токбергенова А.Т.: Хирургиялық стоматология комитеті «сілекей бездері» және «нерв ауруларын» қосқысы келеді. Ал 6 курс үшін гематогенді остеомиелит қажет емес деп есептейміз.

Тулеутаева С.Т.: Біз тек амбулаторлық деңгейдегі дәрігерлерді дайындаймыз, осыны ескеріп түзетулер енгіземін және ақпаратты жіберемін. Сондай-ақ, балалар стоматологиясы бөлімінде хирургиялық тақырыптар көп, 6 курс деңгейінде тек диагностика болуы керек, өйткені бұл амбулаторлық көмек, ал емдеу БЖХ резидентурасына қатысты.

Алтынбеков К.Д.: Ортопедиялық стоматология бөлімін қайта қарау және оңтайландыру қажет. Мысалы, қазіргі уақытта отқа төзімді модельде бюгельді

	УМО по направлению подготовки - Здравоохранение	
	ГУП по программам медицинского образования стоматологического профиля	Редакция: 1 Страница 2 из 2

протезді жасау технологиясы өзектілігін жоғалтты. Біз қайта қарап, ақпаратты жібереміз.

Кайкенова С.Е.: Ортодонтия бойынша барлығы өзгеріссіз қалады, біз келісеміз.

Шешім:

1. Түлектердің кәсіби даярлығын бағалау техникалық сипаттамасын бекітіп, оны одан әрі қарастыру үшін ОӘБ-не жолдансын. (Қосымша 1).

ЖБТ төрағасы

ЖБТ хатшысы



Деточкина В.Р.

Акжигитова Э.Н.